



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
«**Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri**»
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

II KITAP



II КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

«**Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики**»

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 370 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

командаға бөлініп, допты тебу арқылы қарама-қарсы командаға сұрақ қояды. Сұраққа жауап бере алмаса гол боп есептелінеді. Бағалау барысында оқушыларды смайликтер арқылы бағаладым. Жалпы қортындылайтын болсам, оқушылар өз белсенділіктерін көрсете білді. Сабағым өз мақсатына жетті.

Өзіме түйгенім, бағдарламаның жеті модульді сабақтарды түрлендіре қолдансам, тарих пәнінен дарынды, болашақ олимпиада қатысушылары, ғылыми жоба жұмыстарымен айналысатын оқушыларым да көбейер деген сенімдемін. Қорыта келгенде айтарым, қашықтықтан оқыту кезеңіндегі мектептегі тәжірибе менің өз еңбек тәжірибеме көптеген өзгерістерді әкелді. Сабақтарымның жүйелі түрде құрылғаны оқушыларымның тақырыпты еркін меңгеруіне, өз беттерімен жұмыс жасауына жағдай туғызды. Сабақта топпен талқылап, пікір алмасатын, ізденіс жұмыстарына жетелейтін тапсырмалар беруді бала ұғымына сай таңдап, жүйелеу басты мақсатыма айналды. Ең маңыздысы- өзімнің және оқушыларымның бойында сенімділік қасиеті қалыптаса бастады. Мен оқушыларымның өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, олардың орындап шығатынына сенім арта бастадым. Сабақ барысында тек қана бағыт беріп, жетелеп отырдым.

Келешекте осы бағдарлама бойынша модульдерді өз тәжірибемде пайдаланып, зерттеулерімді жалғастыра отырып мындай сөзбен қортындылағым келеді:

XX ғасырдың ірі өкілі, белгілі ағартушы Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін былай сипаттайды: «Балаларға білім берумен, тәрбиелеумен мұғалімнің қызметі тәмам болмайды. Ол балаларды тәрбиелеуге, үгітеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып оларға келешекте өмірден аяғын шалыс басып, соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоршысы ». Ұлы Абайдың да «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға » деген нақыл сөзі педагогикалық ғылымдық тандаған адамның өз мамандығынан шаршамайтынын, қайта керсінше баланың нәр алатынын айтады. Ұстаздың бүгін қиын еңбекпен оқытқан шәкірті ертең егеменді елінің үлкен бір азаматы болғанда біз мұны ұстаз бен мемлекеттің, ата-ана мен қоғамның ортақ жемісі деп айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдәкімов А. Қазақстан тарихы. Астана, 2015.
2. «QAZAQ BILIMI» //Республикалық педагогикалық журналы. №5. 2008.
3. «Қазақстан ұстазы» әдістемелік журналы. Астана 2017.
4. Учительская плюс. Қостанай, №8. 2017.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ» ЖӘНЕ ЭВРИСТИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бекмұхамбетова Сәуле Қойшығұлқызы,
«И. Ф. Павлов атындағы ауылдың орта мектебі» ММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологияларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылуы қарастырылған. Сабақ барысында осы аталған технологияларынан фрагменттердің енгізілуі көрсетілген. Барлық тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. Аталған технологиялар сабақты тартымды, нәтижелі өткізуге ықпал етеді, ал оқушылардың білім алу үрдісі өңімді әрі қызықты болады.

Аннотация

Актуальность. Цель. В данной статье рассмотрены применение на уроках казахского языка и литературы «ТКПО» и эвристические технологии обучения. Приведены фрагменты использования технологий на уроках. Все задания составлены согласно возрастным особенностям учащихся. Применение перечисленных технологий помогает сделать урок эффективным, результативным, а процесс получения знаний учащихся – интересным и продуктивным.

Abstract

Relevance.Goal. This article discusses «the use of the technology of comprepensue step-by-step intruction» in the lessons of the kazak language and literature – a model of conclutions and heuristic tehcnologies of learning fragments of the use of tehcnologies in the lessons are given. All tasks (assignments) are made according to the charasteristics of students. Touse of these tehcnologies helps to make the lesson effective and productive, and the process of obtaining students knowledge is interesning and productive.

Түйінді сөздер: сатылай кешенді талдау технологиясы, модель, тұжырымдар

Ключевые слова: технология комплексного поэтапного обучения, модель, выводы

Keywords: the tehcnology of comprepensue step-by-step intruction, model, conclusions

Қоғамның дамуы ғылым саласы мен оқу жүйесіне әсерін тигізіп отыратыны белгілі. Білім беру жолында өмірде болып жатқан өзгерістер мен оқыту үлгісінің жаңа тиімді әдістерін пайдалану жолға қойылып отыр. Мұндай тиімді оқыту әдісі – оқушының қажетті материалды жеке-жеке салаларға жіктемей, тұтас игеріп, толық қабылдауына мүмкіндік жасайды. Оқу жүйесіне тиімді технологияның енуі – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. [1: 3]

Білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай, үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып-тәрбиелеу. Оқу жүйесіне тиімді технологияның енуі – бүгінгі күннің талабы. Осындай тиімді технологияның бірі –

Н. А. Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы. [3:3]

Тілді тереңдетіп оқытудың бір жолы – сатылай кешенді талдай оқыту.

Сатылай кешенді талдау қазақ тілінің барлық салаларын (фонетика, лексика, морфология, сөзжасам, синтаксис) жүйелі әрі сапалы меңгерумен қатар басқа пәндермен тығыз байланысты оқытуды көздейді. Талдаудың бұл түрі өткен, қазіргі және кейінгі материалды өзара бірлікте игеруге мүмкіндік береді. [6:3]

Бұл технологияны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданамын. Іс жүзінде осы технологияны қолданамын және оның нәтижесі жақсы. Оқушы білімдерін толықтыруға тиімді. ОЖСБ-ға дайындық ретінде консультацияларда қолдануға болады.

Мысалы: «Сатылай кешенді талдау» технологиясын 9 сыныпта қаза тілі сабағында қолданылудың фрагменті

Жұмақтың деген сөзге «СКТТ» («Сатылай кешенді талдау» технологиясы) бойынша морфологиялық талдау жаса.

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – жуан буынды сөз. Себебі сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар жуан дауыстылар.

2. Бұл сөз *жұ-мақ-тың* болып үш буынға бөлінеді. Себебі сөздің құрамында үш дауысты дыбыс бар. *Жұ* буыны ашық буын. Себебі буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұр. *Мақ-тың* буындары бітеу буындар. Себебі буындар дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыстарға аяқталып тұр.

3. Бұл сөз

жұ болып екі жағдайда тасымалданады. Себебі сөз үш буыннан тұр немесе *мақ* сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған. *тың*

4. Қазақ тілінде сөз екпінінің орны біршама тұрақты. Сөзге қосымша жалғанған сайын екпін сөздің соңғы буынына қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл сөзде екпін *тың* буынындағы *ы* дауысты дыбысына түсіп тұр.

5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар. Себебі түбірдің соңғы буыны *мақ* жуан болғандықтан оған жалғанатын қосымшаның да (*-тың*) жуан нұсқасы келіп тұр. Сондықтан біз оның жіңішке (*-тің*) нұсқасын алмаймыз.

6. Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар. Себебі түбірдің соңғы дыбысы *қ* қатаң болғандықтан өзіне жалғанатын қосымшаның алғашқы дыбысын *т* қатаңнан басталуын талап етіп тұр. Сондықтан біз оның ұяңнан басталатын (*-дың*) нұсқасын алмаймыз.

Міне осындай талдау арқылы оқушылардың білімдері әрі тексеріледі әрі сөйлеу тілі дамытылады. Және де ережені жай айтпай, дәлелдерін келтіріп, себептерін түсіндіріп отырады. Бұл тексеруді жаңартылған білім мазмұнына сай «**Автор орындығы**», «**Ыстық орындық**», «**Сұрақтар жаңбыры**» әдіс-тәсілдері арқылы да тексеруге болады. Мысалы: Бірінші әдісінде оқушының өзі жазған талдауын оқытқанда отырғызып оқытуға болады, себебі бұл оның авторлық жазған талдауы. Екінші әдісін де оқушы орындыққа отырады, сол талдау бойынша басқа оқушылар оған сұрақтар қояды да, тез, жылдам жауап беруі керек, себебі орындық ыстық. Үшінші әдісі бойынша оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, әдебиет, мәдениеті, өнері, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілеті, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті. Қазақ әдебиеті сабағын қазіргі талап бойынша оқыту алдында кезек күттірмейтін өзекжарды мәселелер аз емес. Соның бірі - инновациялық технологиядан іздену. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа ізденістерін, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Технологияның басты белгілері болып табылатын іс-әрекеттер:

- Баланың білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- Басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау;
- Оқушылардың дербес ізденісі, жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу іс-әрекеттерін ұйымдастыру.
- Алдын-ала тапсырмалар беру. Мақсат: баланың өз бетімен өзіндік, яғни оқушы деңгейіндегі білімін қолдану, анализ, синтез, баға деңгейіне дейін жетелеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Мақсат ұсыну. Оқушыларға өз мақсатын қойғызу.
- Мақсатқа жету үшін көмек-бағдар, бағыт ұсыну. Эвристикалық жобалау технологиясына жүгіну.

Төменде эвристикалық жобалау технологиясын басшылыққа алған, тәжірибелі педагогтар (Қ.Бітібаева) әдістемесінен алынған ақын-жазушылардың шығармашылығын оқытудың модельдерін ұсынамын.

Мысалы: 10 сынытың қазақ әдебиеті сабағында Жамбыл Жабаев өмірі мен шығармашылығын меңгерту барысындамынадай модельді қолданамын.

Модельдің тиімділігі ақын-жазушылар туралы берілетін көлемдік түсініктерді, ұғымдарды тұжырымды түрде, көрнекті түрде ғана жып-жинақы етіп бере білуінде. Әдебиет- сөз сабағы, көбінде сөздік әдістер арқылы білім берілетін пән. Ал айтылатын сөздің бәрі есте қала ма, жоқ па, ол әрине, ерекше зерттеуді керек ететін мәселе. Ал бұл

модель мұғалімнің оқытуда конструкциялық жобалау технологиясына арқа сүйейтінін көрсетеді. Өйткені, оның өнімді нәтиже берері сөзсіз.

Модель әр оқушының алдында жатады. Ол ақын-жазушылардың шығармашылығынан білім алудың бағдаршамындай оқушылар оған қарап, әр түрлі іздену, зерттеу жұмыстарын орындайды. Модель әрі тірек карточкасы, әрі көрнекілік, әрі көмек-нұсқау рөлін де атқарады. Модель оқушы іс-әрекетін белгілі бір мақсатқа жетелейді, бағыттайды, тәртіпке салады. Оқулық, ғылыми еңбектермен жұмыс істеуге баулиды. Өз беттерімен модель жасауға ықпал етеді. Ең бастысы, терең, тиянақты білім алуға (өз беттерімен) өнімді, нәтижелі көмек көрсетеді. Сызба-модель мұғалім жұмысын да жеңілдетеді. Оның әр тармағы бойынша жеке жұмыстар, топтық жұмыстар, жұптық жұмыстар беріп, оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге алып келуге, түсініктен анализ, синтез бағаға дейін көтеруге болады.

Мұғалім басқа тапсырмалар орындатпай-ақ, сызбадағы берілген тұжырымдарға тапсырма берсе де жеткілікті. Модель бойынша жұмыс дұрыс ұйымдастырылса, онда ақын-жазушылардың шығармашылығы туралы терең де толық білім қамтамасыз етіледі деп болжауға болады.

Ең алдымен, оқушыларға модельді, оның құрылысын түсіндірген жөн. Олар модельде қанша тірек-сызбалар бар, бағытын беретін қаншама нүктелер бар, соны анықтап, әрқайсысының мағынасын, оларда жатқан ойды анықтаулары керек.

Мұғалім әр тірек-сызба бойынша проблемалық тапсырма беріп, жетекші консультант тағайындайды. Ол балаларды өздерінің тілектері, қалаулары бойынша бөліп алып, іздену, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Соңынан консультанттың көмегімен мұғалім білім тексеру мақсатында экспресс-анализ жүргізеді, бағыт, бағдар, нақты мақсаттар белгілейді. Әр сызба-тіректі бір-бірімен ой, мағына жағынан байланысын оқушылардың өздеріне іздету оларды мақсатты іс-әрекетке жетектейді.

«Бейімбет Майлин» шығармашылығы бойынша мынадай оқыту модельді ұсынып, оқушылар оны постерге жазып толтырады. Немесе толтырып болғаннан кейін, тексеру мақсатында ойын арқылы өткіземіз. **«Дұрыс – дұрыс емес» ойыны.** Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы дәптерде әлде сол постерде жазылғанды оқиды: « Бейімбет Майлиннің шын аты – Бимағамбет». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

Технология бойынша тағы бір тапсырма: модель ұсынылады, оны оқушылар сабақтың бір бөлігінде меңгереді де, тексеру мақсатында **«Өзіңді тексеріңіз» әдісін** қолданамыз. Бұл мәлімет **ШЫНДЫҚ** па немесе **ЖАЛҒАН** ба? Мысалдар айтылады, оқушылар ол келтірілген мысалдар модельде бар, жоғын анықтайды.

Сонымен, осы аталған технологиялардың тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде. [5.]

Бұдан шығатын қорытынды: «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологиялары оқушыларға белгілі бір пән бойынша терең де сапалы білім алуға кепіл бола алады. Бұған өз тәжірибем мен ізденістерім арқылы анық көзім жетті.

Келешекте өз тәжірибемде:

1. Оқушылармен үнемі тепе-теңдікті ұстауды, еркіндік беруді.
2. Оқытуды сапалы ету үшін жаңа тәсілдерді қолдана отырып, сабақтарымды түрлендіруді.

3. Өріптестерімді қызықтырып, бірлесе жұмыс жасау бағыттағы жұмысты дамытамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдрейімова К. Ә., Сәкенова Р. Б., Оспанов А. А., Ниязқұлова Ж. Ө. Қазақ әдебиеті (Н. А. Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясы бойынша жалпы білім беретін мектептердің таңдау курсына арналған) оқу құралы. – А: 2012.-153 с.
2. Оразахынова Н. А. «Практикалық қазақ тілі» (оқу құралы). – А: 2009.-160 с.

ИНФОРМАТИКА МЕН МАТЕМАТИКА АРАСЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Беркімбаев Райхан Әміртайқызы,
старший преподаватель КГПУ,
г. Костанай

Аннотация

Информатика және математика арасындағы пәнаралық байланыстар арқылы оқу процесін жетілдіру жолдары қарастырылады.

Аннотация

Рассматривается совершенствование процесса обучения с применением межпредметных связей между математикой и информатикой.

Abstract

Considered the improvement of the learning process with the use of interdisciplinary connections between mathematics and computer science.

Түйінді сөздер: информатика, пәнаралық байланыстар, компьютер, программа

Ключевые слова: информатика, межпредметные связи, компьютер, программа

Keywords: task, geometry, symmetry, Olympic Games

Математика және информатика арасындағы пәнаралық байланыстар екі жақты сипатты болады: математиканы оқу информатиканы оқытуға дайындық болуы керек; (бұған логикалық және алгоритмдік дайындық, жуықтап есептеулер жатады); сонымен қатар информатика курстары математиканы қолданады. В.Г. Болтянский математика курсына информатикадан білімдерін қолдану мүмкіндіктерін мына сұрақтармен атап көрсетті:

- математика курстарының қандай тақырыптары информатика курсымен тығыз байланыста болуы керек;
- информатика курсымен байланыстырғанда бұл тақырыптардың мазмұны мен оны оқыту әдістемесі қандай өзгерістерге ұшырайды;
- қандай есептердің шешімін программа құру арқылы компьютер көмегімен табу керек;
- математиканы оқуға бөлінген сағаттардың қанша бөлігі оқу жылында компьютер сыныбында өткізілуі мүмкін?
- математика курсының есептерін компьютер арқылы шешудің әдістемесі қандай болуы мүмкін?

Осы сұрақтарды шешу жоғары оқу орнында информатика мен математика арасындағы екі жақты байланыстарды құрудың негізі болып табылуы мүмкін. Сонымен қатар мына сұрақтарды қарастыру ұсынылады:

- студентті кәсіби бағытта оқыту үшін математика курсына математикалық есептерді шешуді жүзеге асыру құралы ретінде қандай программалық өнімді таңдау қажет?

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Абдухалимов Д. К., Білімді меңгерту мен қорытындылауда Kahoot қосымшасын қолданудың тиімділігі.....	3
Абишева А. М., Развитие лексико-терминологического аппарата учащихся с помощью стартеров.....	6
Адильханова Л. О., Хамилин Е.А., Жаңартылған білім мазмұн заманауи, рухани дамыған оқушыларды оқытудағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі.....	9
Аканбаев Б. Н., Дюсеков Н. А., Жоғарғы білім беру саласында суретшілермен серіктестік орнату мәселесі.....	14
Ақбарова Р. Г., Наженова М. А., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....	19
Ақылбекова Л. Б., Аубакирова Т. У., Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында «Дамыта оқыту технологиясы» арқылы оқушылардың қабілетін дамыту жолдары....	21
Ақышева Б. Ж., Айнабекова А. С., Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	25
Алёшина И. А., Диалог на уроке – эффективный способ развития критического мышления.....	30
Аликулова М. С., Асанова К. И., Алиева Ж. Ш., Қаптан белгішелері арқылы мәтінмен өздігінен жұмыс жасау дағдысын дамыту әдістері.....	34
Альдикенова А. А. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....	39
Амантаева А. Б., Бухметова А. А., Использование инновационных методов изучения философии.....	43
Амиркулова Н. С., Сапакова Ж. М., Мамырбаева А. К., Внедрение обновленной программы содержания образования в практику.....	46
Андреева С. Н., Применение электронного сопровождения на уроках физической культуры.....	49
Асанова А. Б., Унгутбаева Г. Ш., Кинжибаева А. С., Использование инновационных технологий на занятиях по английскому языку с целью повышения мотивации к его изучению.....	52
Асканбаева Г. Б., Доспулова У. К., Решение задач повышенной трудности по геометрии.....	56
Аслямова Р. Г., Система применения инновационных технологий и методов в практике преподавания истории Казахстана в коррекционной школе.....	59
Астахова Л. В., Даус Е. В., Елькина Н. М., Традиционные и инновационные приёмы обучения детей каллиграфическому письму как условие повышения грамотности младших школьников.....	63
Асылханова Г. А., Досбаева А. С. Продуктивное использование новых технологий в практике современного образования.....	65
Ахметбекова Б. Р., Нұрқанова М. Д., Елекеева С. А., Инновациялық әдіс-тәсілдердің оқыту үрдісіндегі тиімділігі.....	68

<i>Ахметжанова Б. Ж., Байдалинова С. Н.,</i> Создание условий для получения инклюзивного образования.....	72
<i>Байгалиева А. А., Жакупова Б. К., Исмаилова С. Ш.,</i> Қалыптастырушы бағалау негізінде оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамыту жолдары.....	75
<i>Бадаева М. С.,</i> Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында қолдану.....	78
<i>Байменова А. А., Рахметова Г. М., Соловей Т. Ю.,</i> Опыт применения технологии индивидуализации и уровневой дифференциации в современном образовании.....	82
<i>Баймуханова Г. А.,</i> Заманауи білім беру практикасында инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану тәжірибесі.....	86
<i>Байшугулова Б. К., Аубакирова К. Е., Жумагулова Т. С.,</i> Заманауи технологиялардың педагогикалық процесте пайдаланудың тиімділігі мен ерекшеліктері	90
<i>Бактығалиева А. К., Лопарева Ю. В., Усенова Г. Р.,</i> Профессиональный подход в развитии музыкальной одаренности на занятиях вокального ансамбля.....	94
<i>Бармина А. Ю., Станишевская Г. А.,</i> Уровневая дифференциация на уроках – путь к творчеству, знаниям, сотрудничеству.....	98
<i>Батура Л. В., Бабаченко Л. П., Курманбаева И. С.,</i> Технологические приемы работы с интерактивными досками.....	102
<i>Бородина Н. С.,</i> Формирование новой модели сознания и мышления старшеклассников на уроках истории в свете задач программы «Рухани жаңғыру»..	106
<i>Бейсенова С. А.,</i> Тарих сабақтарында «Биоақпарат және синергетика» технологиясын пайдалану тиімділігі.....	109
<i>Бекентаев С. Ж.,</i> Тарих сабағында жаңа технологияларды пайдалану.....	114
<i>Бекмұхамбетова С. Қ.,</i> Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Сатылай кешенді талдау» және эвристикалық жобалау технологиялардың қолданылуы.....	117
<i>Беркімбай Р. Ә.,</i> Информатика мен математика арасындағы пәнаралық байланыстарды жетілдіру.....	121
<i>Бикенова Ш. Х., Жаманова Г. К., Кошанова Г. Б.,</i> Заманауи білім беру жүйесінде бағалаудың тиімділігі мен ерекшеліктері.....	125
<i>Білісбекова Д. Б., Мырзағалиева А. Б.,</i> Инновациялық білім беру жүйесіндегі оқыту мен тәрбиенің негізгі тенденциялары.....	129
<i>Брагина Т. М., Брагин Е. А.,</i> Опыт применения инновационных технологий в повышении образовательного и воспитательного потенциала молодежи через деятельность студенческих клубов.....	132
<i>Вартаньян Г. В.,</i> Как использование дифференцированных заданий влияет на уровень обученности.....	136
<i>Васильева О. М.,</i> Английский язык в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.....	140
<i>Василькова Н. А.,</i> Проектирование педагогической технологии на основе структурно-функционального инварианта педагогической деятельности.....	143
<i>Винникова Л. В., Жуламанова Д. А.,</i> Информационно-коммуникационные технологии на уроках русского языка и литературы как инструмент деятельности современного учителя.....	149
<i>Гевел Н. В.,</i> Опыт применения технологии развития критического мышления на уроках биологии в рамках современного образования.....	152
<i>Гливина Е., Бактығалиев А. К., Сагумбаева А. С.,</i> Практическая деятельность обучающихся как фактор развития профессиональной компетентности будущих специалистов.....	156
<i>Гурина М. Р., Бургард М. С.,</i> Опыт внедрения системы дуального обучения в лисаковском техническом колледже.....	161
<i>Данильченко Г. И.,</i> Использование кейс-технологии в процессе обучения будущих учителей начальных классов.....	165